



**Астана қаласы әкімдігінің № 80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК
жанындағы Ардагерлер кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Астана қаласы әкімдігінің № 80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК жанындағы Ардагерлер кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жаңғырту және дамыту жөніндегі кешенді шешімдерді әзірлеу үшін Астана қаласы әкімдігінің № 80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК консультативтік-кеңесші органы болып табылады.

2. Кеңес өз қызметін еріктілік, объективтілік, парасаттылық, ашықтық, жариялылық, Кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттерінің тендігі, Кеңес шешім қабылдаған кезде жариялылық және мөлшерлестік қағидаттарын ұстана жүзеге асырады.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

4. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жаңғырту және дамыту жөніндегі кешенді шешімдерді әзірлеу кезінде кеңес беру;

2) балабақшадағы білім беру қызметін жетілдіру мәселелері бойынша ұсынымдар енгізу;

3) балабақшаның стратегиясының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге жәрдемдесу;

4) жас мамандардың кәсібилігі мен моральдық-әдептілік келбетін арттыруға және тәлімгерлікті дамытуға бағытталған ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету;

5) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халықтық дәстүрлерді құрметтеуге, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке және білім беру жүйесінің басқа да міндеттеріне тәрбиелеуге жәрдемдесу;

6) балабақшаның саясатын ақпараттық кеңістікте түсіндіру жұмыстарын жүргізуде жәрдемдесу;

7) Кеңес мүшелері білім беру ұйымдарының келісу комиссиясының, мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату жөніндегі конкурстық комиссиялардың жұмысына қатыса алады;

8) Кеңес мүшелері білім беру ұйымының түрлі іс- шараларына, оның ішінде педагогтермен кездесулерге, тәрбиеленушілер үшін ұйымдастырылған конкурстар мен жарыстарға қатыса алады.

5. Кеңестің құрамы зейнеткерлік жасқа толғанға дейін білім беру саласында жұмыс істеген білім беру жүйесінің ардагерлері, оның ішінде осы салада жұмысын жалғастырған адамдар қатарынан, сондай ақ Астана қаласының білім беру қызметкерлері кәсіподағының мүшелерінен қалыптастырылады.

6. Ардагерлер кеңесінің төрағасын оның мүшелері арасында бірінші отырыста ашық дауыс беру арқылы сайланады. Кеңес төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Кеңес отырыстарына төрағалық етеді және оның жұмысын жоспарлайды.

7. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын Кеңес төрағасының орынбасары орындайды.

8. Төрағаның орынбасарын Кеңес мүшелері арасынан төрағаның ұсынуы бойынша сайланады.

9. Кеңес отырыстары тоқсанына бір рет немесе қажеттілігіне қарай өткізіледі, оларға кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысқан кезде заңды болып саналады. Кворум болған кезде кеңес отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелері санының жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру жолымен шешім қабылдайды. Дауыстар тең болған кезде Кеңес отырысында төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Кеңес отырыстары қазіргі заманғы байланыс құралдарын пайдалана отырып өткізілуі мүмкін.

10. Кеңестің шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Кеңестің Төрағасы қол қояды.

11. Кеңестің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді Астана қаласы әкімдігінің № 80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК әкімшілігі жүзеге асырады.

12. Кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

13. Кеңестің қызметі туралы ақпарат Астана қаласы әкімдігінің № 80 «Ботақан» балабақшасының интернет- ресурсында орналастырылады.

14. Кеңес өз қызметін Астана қаласы әкімдігінің № 80 «Ботақан» балабақшасы басшысының шешімі бойынша тоқтатылады.